АП 01	<p>Орындаушылық өнер тарихы</p> <p>Аспаптың пайда болуы мен жаңару тарихы; оның техникалық және айқын мүмкіндіктерінің даму заңдылығы. Шығармашылық және педагогикалық мектептері. Орындаушылықтың кезеңдік тарихы. Танымал шеберлердің орындаушылық тұжырымдамаларын талдау.</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - аспаптардың даму тарихы; - танымал өкілдердің шығармашылық қызметтеріндегі ерекшеліктері; - әртүрлі тарихи кезеңдегі шығармашылық әдебиеттері; - орындаушылық мектептер және олардың өкілдері туралы. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - музыкалық шығарманың түрлі интерпретацияларына салыстырмалы талдау жасау; - зерттеу жұмыстарын жүргізу; - арнайы әдебиеттерді қысқаша баяндау. 	<p>БҚ 1 БҚ 3 БҚ 5 КҚ 3.4.3 КҚ 3.4.5 КҚ 3.4.6 КҚ 3.4.12</p>
	<p>Аспапта оқыту әдістемесі</p> <p>Аспапта ойнауды оқытудың әртүрлі мектептерінің педагогикалық үрдістері. Отандық педагогикалық мектептердің қалыптасуы. Танымал педагогтардың тәжірибелерін меңгеру. Педагогтың жас музыкантты тәрбиелеудегі ролі. Педагогикалық жұмыстардың тәсілдері. Музыкант-орындаушыны</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - танымал педагогтардың педагогикалық үрдістері; - оқыту әдістері; - музыкалық қабілеттерді дамыту жолдары; - орындаушылық класындағы алғашқы оқыту негіздері; - педагогикалық репертуармен жұмыс істеу кезеңдері туралы. <p>Іскерліктер:</p>	<p>БҚ 1 БҚ 3 БҚ 5 КҚ 3.4.3</p>

<p>АП 02</p>	<p>ң алғышартының қалыптасуы. Оқушылардың табиғи жаратылысының дамуы мен бағалаудың тәсілдері . Музыкалық мектептегі оқу үрдісін жоспарлау және ұйымдастыру. Оқу жұмысын әртүрлі түрде жүргізу әдісі. Жасөспірімдер мен балаларға білім беруінің әртүрлі кезеңінде оқылатын түрлі жанрлар мен стильдегі шығармалармен таныстыру.</p>	<p>- оқу-тәрбие міндеттерін кешенді шешу және оқушының музыкалық қызметін жүйелі түрде тексеру және бағалау; - оқу-тәрбие үрдісін өңдеу; - оқушылардың музыкалық дамуын болжау; - оқушылардың саналы шығармашылық қызметінің дағдысын қалыптастыру.</p>	<p>КҚ 3.4.4 КҚ 3.4.5 КҚ 3.4.7 КҚ 3.4.8 КҚ 3.4.10</p>
<p>АП 03</p>	<p>БММ репертуарын үйрену 1-3 сынып репертуарын оқу - құрастырмалы материал, бастауыш сыныптарға арналған гаммалар мен арпеджио. 4-5 сыныптарға арналған репертуар – ірі түрдегі шығармалармен, жоспардағы виртуозды пьесамен жұмыс.</p>	<p>Білімдер: - арнайы аспап бойынша БММ -нің бағдарламалық талаптары; - репертуарды тандаудың негізгі принциптері туралы. Іскерліктер: - мектептік репертуарды орындау және көркемдік құндылығы, әдістемелік мақсатқа лайықтылығы тұрғысынан талдау.</p>	<p>БҚ 3 КҚ 3.4.3 КҚ 3.4.10 КҚ 3.4.11</p>
	<p>Арнайы аспап Аспаптың көркемдік орындаушылық мүмкіндігі. Шығарманы толығымен камту және алғашқы оқу; авторлық мәтінді толығымен талдау. Әлемнің құбылыстық жағдайы мен көркемдік бейнелерін түсіну. Көркемдік техникалық әдістерді қолдану, аспаптың түрлі жетістіктері мен мүмкіндіктерін қолдана отырып, орындаушылық ойды нақты көрсету. Есту арқылы бақылау, орындау үрдісімен</p>	<p>Білімдер: - музыкалық стильдер және бағыттар; - орындаудың көркемдік элементтері (темпо-метро-ритм, динамика, артикуляция, фразировка); - музыкалық репертуармен жұмыс жасаудың әдіс-амалдары туралы. Іскерліктер: - музыкалық шығармаларды жоғары кәсіби деңгейде орындау: - музыкалық шығармалардың көркемдік мазмұнын және оның мәтінін түсіндіру; - парақтан оқу;</p>	<p>БҚ 1 БҚ 3 БҚ 5</p>

<p>АП 04</p>	<p>басқару, сахналық әрекет, орындалған шығармаларға талдау. Орындаушылық тәжірибеде теориялық білімдерін қолдану. Т а н ы м а л музыканттардың кеңесі мен ұсыныстарын, орындаушылықтың теориялық аумағында ғылыми - зерттеу еңбектерін қолдану. Музыканттармен орындалған шығармалардың жазбасына салыстырмалы талдау. Әр түрлі жанрдағы, стил мен түрлердегі шығармаларды енгізе отырып, репертуарды жинақтау.</p>	<p>- орындаушылық кезеңде теориялық кәсіптік білімін қолдану; - жоспардағы толық қарастырылған музыкалық шығармаларды, музыкалық құрылымның жеке элементтерін өз бетімен талдау жасау; - орындалған музыкада көркемдік ойларды беруге арналған техникалық әдістерінің үйлесімдісін таңдау; - өзінің сахналық мінез-әрекетін бақылауды іске асыру; - әр түрлі жанр және формадағы шығармалармен өздігінен жұмыс жасау; - орындаудың көркемдік элементтерін сауатты қолдану.</p>	<p>КҚ 3.4.1 КҚ 3.4.2 КҚ 3.4.3 КҚ 3.4.4 КҚ 3.4.11 КҚ 3.4.12</p>
<p>АП 05</p>	<p>Ансамбль класы Ансамбльдер: дуэт, трио, квартет, квинтет ж т.б. Ансамблдік орындаушылық, серіктермен бірігу, ансамблде барлық партияларын есту дағдыларын қалыптастыру. Қазақстандық және ш е т е л композиторларының ансамблдік шығармаларын орындау.</p>	<p>Білімдер: - ансамблдік орындаудың ерекшеліктері туралы Іскерліктер: - аспаптық ансамбль әртісі ретінде орындаушылық қызмет жүргізу; - музыкалық шығармаларды интерпретациялау; - ансамблге қатысушылармен шығармашылық байланыста болу және орындаушылық ниеттерін келістіру; - ансамблдік репертуарды парақтан оқу; - ансамблдік орындау процесіне есту бақылау жүргізу.</p>	<p>БҚ 3 КҚ 3.4.1 КҚ 3.4.2 КҚ 3.4.3 КҚ 3.4.4</p>
	<p>Оркестр класы</p>	<p>Білімдер: - оркестр әртісінің негізгі міндеттері; - эстрадалық оркестр құрамы;</p>	

<p>АП 06</p>	<p>Эстрадалық оркестр. Оркестрлік топтардың құрамын анықтау. Оркестрдің бұрауын келтіру. Оркестрлік тәртіпті тәрбиелеу. Ансамбльде ойнау дағдыларын дамыту, парактан оқу. Оркестрлік репертуарды оқу.</p>	<p>- оркестрлік аспаптардың техникалық және көркемдік мүмкіндіктері туралы Іскерліктер: - оркестрде ойнау; - парактан оқу; - дирижердің қол қимылы арқылы көркемдік мақсаттарын түсіну және орындау; - оркестрді күйге келтіру; - оркестр әртісі ретінде сахнада орындау.</p>	<p>БҚ 1 БҚ 3 КҚ 3.4.1 КҚ 3.4.2 КҚ 3.4.3 КҚ 3.4.4</p>
<p>АП 07</p>	<p>Туыстас аспап Туыстас аспап, оның мүмкіндігі және ерекшелігі; қолды дұрыс қою, дыбыс шығару мүмкіншілігі. Аспапта орындаудың негізгі жолдары, репертуарды меңгеру. Аспаптың дамуы және шығу тарихы .</p>	<p>Білімдер: - аспапта ойнаудың негізгі әдістері; - аспаптың дамуы мен пайда болу тарихы туралы. Іскерліктер: - кіші формалы күрделі емес музыкалық шығармаларды орындау.</p>	<p>БҚ 3 КҚ 3.4.3 КҚ 3.4.4</p>
<p>АП 08</p>	<p>Оркестр партитураларын оқу Курстың негізгі мақсаттары: оркестр партитурасымен жұмыс жасау негіздерін меңгеру, өзбетінше фортепианода партитураны оқып, талдау, тәжірибелік дағдыларын игеру.</p>	<p>Білімдер: - әртүрлі оркестр құрамы мен құрылымы; - оркестрдегі топтар мен аспаптардың орналасуы; - партитурада кездесетін шартты белгілері туралы. Іскерліктер: - фортепианода аспаптардың жеке партияларын оқу; - ортақ немесе әр түрлі функцияларын орындайтын транспорттық өзгертін аспаптардың партияларын оқу</p>	<p>БҚ 3 КҚ 3.4.3 КҚ 3.4.4</p>
	<p>Аспаптану Пәннің негізгі бөлімдері. Музыкалық аспаптардың шығуы туралы қысқаша мәлімет. Оркестрдің құрамдары, оркестрлік негізгі құрамы, оркестрлік аспаптар</p>	<p>Білімдер: - оркестрлер мен оған енетін аспаптар туралы жалпы мәліметтер; - оркестрлік аспаптардың техникалық және көркемдік мүмкіндіктерін жүзеге асыру;</p>	<p>БҚ 3</p>

АП 09	<p>орындаушылық мүмкіншілігі және диапазоны туралы мәлімет.</p> <p>Фольклорлық-этнографиялық, орыс, қазақ халық оркестрлері туралы мәлімет.</p> <p>Оркестрлік топ аспаптары.</p>	<p>- оркестрге арналған музыканы жазу жүйесі туралы.</p> <p>Іскерліктер:</p> <p>- аспаптар туралы хабардар болу;</p> <p>- партитураларды талдау;</p> <p>- музыканың көркемдік мазмұнына сүйене, оркестрлеудің техникалық тәсілі мағынасын түсіну.</p>	<p>КҚ 3.4.3</p> <p>КҚ 3.4.4</p> <p>КҚ 3.4.9</p>
АП 10	<p>Аспаптау</p> <p>Оркестрдің әртүрлі құрамдарына аспаптау техникасы. Әртүрлі аспаптарға репертуарды қайта жасау. Әртүрлі құрамды ансамбльдік және оркестрлік партитураларды талдау мен оқудың дағдыларын меңгеру. Күрделі емес шығармаларды қайта жасау.</p>	<p>Білімдер:</p> <p>- аспаптаудың негізгі техникалық тәсілдері туралы.</p> <p>Іскерліктер:</p> <p>- автордың идеялық-көркемдік ойларын іске асыру тәсілдерін өз бетінше таңдау;</p> <p>- аспаптық тәсілдерді практикалық жұмыстарда қолдану.</p>	<p>БҚ 3</p> <p>КҚ 3.4.3</p> <p>КҚ 3.4.4</p> <p>КҚ 3.4.9</p>
АП 11	<p>Оркестр партияларын үйрену</p> <p>Оқу оркестрі репертуарындағы оркестрлік партия жұмысының әдісі, белгілі техникалық қиыншылықтарды орындау.</p>	<p>Білімдер:</p> <p>- оркестрлік партияның жұмысының негізгі принциптері туралы.</p> <p>Іскерліктер:</p> <p>- парақтан оқу;</p> <p>- оркестрдегі қиыншылықпен жұмыс істеу;</p>	<p>БҚ 3</p> <p>КҚ 3.4.1</p> <p>КҚ 3.4.2</p> <p>КҚ 3.4.3</p> <p>КҚ 3.4.4</p>
АП 12	<p>Дирижерлеу</p> <p>Кіріспе: дирижер - жетекші, ұйымдастырушы, педагог, тәрбиеші. Дирижерлік ету үрдісі, оның мазмұны, негізгі бейнелеу құралдары.</p> <p>Партитурамен жұмыс істеуге дайындық.</p> <p>Жаттығулар өткізу.</p> <p>Дирижерлік техниканың негіздері: қол қимылы, динамика, ырғақтық көрініс.</p> <p>Сыныпта клавир, партитура бойынша дирижерлік ету.</p>	<p>Білімдер:</p> <p>- оркестр ұжымының дирижеры -жетекшісінің ролі туралы;</p> <p>- дирижерлік ету техникасының негізгі ережелері;</p> <p>- партитурамен жұмыс істеудің негізгі кезеңдері туралы.</p> <p>Іскерліктер:</p> <p>- қол қимылында өзінің көркемдік жағын тәжірибеде көрсету.</p> <p>- партитураны оқудан бастап, шығарманың көркемдік идеяларын бейнелеумен аяқтап</p>	<p>БҚ 3</p> <p>КҚ 3.4.1</p>

	Оркестрмен тәжірибелік жұмыстары.	оркестрмен жұмыс жасау барлық сұрақтары бойынша хабардар болу.	КҚ 3.4.3 КҚ 3.4.4
АП 13	<p>Джаздық гармония негіздері (топтық) Эріптік-цифрлық мағыналы аккордтарды игеру және дыбыстан альтерациялық кез келген аккордтардың дағдыларын білу. Джаздың өзіндік тұрақты және тұрақсыз қатынастарының қуатының жоғарылығын сипаттайтын функционалды міндеттерін оқу. Блюзді гармонизация сызбасын оқу ("квадраттар"); Гармонизацияның негізгі фактуралық әдістері мен полифониялық элемент-терін енгізе отырып, тар және кең, көлемді және аралас орналасу принциптерін меңгеру. Гармонизацияның фортепианода орындау дағдыларын дамыту. Сонымен қоса джазды және эстрадалық тақырыпта гармониялық талдау, секвенцияларды қолданғанда, параллелизм, ауыстырылымдар, альтерациялар, күрделі көпдыбысты аккордтар. Политоналды және полиаккордтарды жеке жағдайларда қолдану. Гармонизациялардың функционалды емес міндеттерімен танысу (әуендік); Эстрадалық музыка мен дәстүрлі және қазіргі заманғы джаз</p>	<p>Білімдер: - джаздық гармонияның негізгі теориялық принциптері - дәстүрлі және қазіргі заман джаздағы гармонияның дамуының негізгі тенденциялары; Іскерліктер: - джазды әуендерді гармонизациялау кезінде үйлесімді гармониялық шешімдер табу. - берілген әуенді эріптік-цифрлық мағынасымен гармониялау; - блюзді гармонизация сызбасын ойнау ("квадраттар"); - джаздық және эстрадалық тақырыптарды талдау.</p>	БҚ 3 КҚ 3.4.3

	<p>гармониясын дамытуда негізгі тенденциялармен танысу.</p>		<p>КҚ 3.4.4 КҚ 3.4.9</p>
АП 14	<p>Джаздық гармония негіздері (жеке) Блюзді гармонизация сызбасын ойнау ("квадраттар"); Гармонизацияның негізгі фактуралық әдістері мен полифониялық элемент-терін енгізе отырып, тар және кең, көлемді және аралас орналасу принциптерін меңгеру. Гармонизацияның фортепианода орындау дағдыларын дамыту, сонымен қоса джазды және эстрадалық тақырыпта гармониялық талдау, секвенцияларды қолданғанда, параллелизм, ауыс-тырылымдар, альтерация-лар, күрделі көпдыбысты аккордтар.</p>	<p>Білімдер: - джаздық гармонияның негізгі теориялық принциптері - дәстүрлі және қазіргі заман джаздағы гармонияның дамуының негізгі тенденциялары; Іскерліктер: - джазды әуендерді гармонизациялау кезінде үйлесімді гармониялық шешімдер табу. - берілген әуенді әріптік-цифрлық мағынасымен гармониялау; - блюзді гармонизация сызбасын ойнау ("квадраттар"); - джаздық және эстрадалық тақырыптарды талдау.</p>	<p>БҚ 3 КҚ 3.4.3 КҚ 3.4.4 КҚ 3.4.9</p>
АП 15	<p>Джаздық импровизация негіздері Өзінің шығармашылық қиялын жүзеге асыру және еркін ойлаудың деңгейлерін меңгеру, әртүрлі ерекшеліктерді құру. Шығарманың бейнелік аймағы мен суырып салудың өзара байланысы. Джазды суырып салуды жасағанда әртүрлі сипаттағы джазды және эстрадалық стильдерді тәжірибеде қолдану және анықтай білуді үйрену. Т а н ы м а л музыканттардың тәжірибесін шығармашылық жұмыста қолдану және дамыту.</p>	<p>Білімдер: - импровизация орындаушылықтың ерекше түрі туралы; - импровизацияда қолданылатын джаздық гармонияның негізгі теориялық принциптері туралы. Іскерліктер: - өзінің орындаушылық тәжірибесінде суырып салу элементтерін қолдану; - дәстүрлі және қазіргі кездегі музыкалық тілдің айқындалған мүмкіндіктерін қолдану; - танымал джаздық орындаушылардың солосын талдау.</p>	<p>БҚ 3 КҚ 3.4.3 КҚ 3.4.4</p>
	<p>Фортепиано</p>	<p>Білімдер:</p>	

АП 16	<p>Аспаптың құрылымы мен клавиатураларымен танысу; колдың дұрыс қойылуы; фортепианодағы дыбыстың шығуының жолдары; техникалық дағдыларды дамыту; гамма, арпеджио, жаттығулар, этюдтермен жұмыс жасау; аккордты ойнау; әртүрлі жанрдағы пьесаларды ойнау; полифониялы элементтерімен пьесалар; күрделі түрдегі шығармаларды ойнау (сонатина, вариация, рондо); күрделі емес репертуармен өз бетімен жұмыс жүргізуіне қажетті дағдыларды меңгеру; нотаны парактан оқу, естумен іріктеп алу, ансамбльдік ойын әдістерін меңгеру.</p>	<p>-музыкалық өнердің жанрлары, формалары және стильдері; - ансамбльдік және жеке музицирлеуі ерекшеліктері; - белгілі композиторлардың шығармашылықтары туралы. Іскерліктер: - орындаушылық және педагогикалық қызметінде алған білімі мен дағдыларын қолдану; - орташа қиындықтағы музыкалық шығармаларды жеке орындаушыға сүйемелдеу; - балалар музыка мектебі оқушыларының репертуарындағы шығармаларды парактан оқу; - ноталық мәтінді сауатты талдау; - ойнау аппаратын жетілдіру.</p>	<p>БҚ 3 КҚ 3.4.3 КҚ 3.4.4</p>
КП 00	Кәсіптік практика		
КП 01	<p>Орындаушылық практика Тәжірибе мазмұны арнайы аспап, ансамбль класы, оркестр класы пәндерінің бағдарламалық талаптарымен анықталады.</p>	<p>Іскерліктер: - жеке орындаушылық, ансамбльдік, оркестрлік репертуарды кәсіптік деңгейде орындау; - сахналық мінез-әрекетін бақылауды іске асыру; - концерттік орындауды талдау. Дағдылар: - жеке орындаушы және ансамбль, оркестр құрамында сахнаға шығып орындау.</p>	<p>КҚ 3.4.1 КҚ 3.4.2 КҚ 3.4.3 КҚ 3.4.4 КҚ 3.4.12</p>
	<p>Педагогикалық практика Орындаушылық сыныпта оқытушы ретінде жұмыс жасау дағдыларын</p>	<p>Іскерліктер: -аспапта орындау әдістемесі курсына алған білімдерін қолдану; - жас жеткіншектер педагогикасы және</p>	<p>КҚ 3.4.3 КҚ 3.4.4</p>

КП 02	калыптастыру. Педагогикалық тәжірибе сабақтарының мазмұны БММ-нің орындаушылық бөлімдерінің бағдарламаларымен анықталады.	психологиясының ерекшеліктерін ескеру. Дағдылар: - БММ -нің оқу-әдістемелік құжатамаларын жүргізу; - оқушылардың жеке жоспарларын құрастыру; - оқушылармен практикалық жұмыс жүргізу.	КҚ 3.4.5 КҚ 3.4.6 КҚ 3.4.7 КҚ 3.4.8 КҚ 3.4.10 КҚ 3.4.11
-------	--	--	--

Ескерту: 1-кесте Базалық құзыреттер

Құзырет коды	Базалық құзыреттер (БҚ)
БҚ 1	Өз мамандығының маңыздылығы мен мәнін түсіну, білім, іскерлік, дағдыларын бүкіл өмір ағымында жаңарту;
БҚ 2	Жалпы гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық ғылым негізін меңгеру;
БҚ 3	Алған білімін кәсіптік және де басқа қызметте қолдану, Орындалатын жұмысына жауапкершілікпен қарау, өздігінен кәсіби қызмет саласындағы мәселелерді шешу;
БҚ 4	Қазақстан Республикасы Конституция негіздерін, адамның адаммен, қоғаммен, қоршаған табиғи ортамен қатынастарын реттейтін этикалық және құқықтық нормаларды білу;
БҚ 5	Ойлау мәдениетін меңгерген, Қазақстан Р еспубликасының мемлекеттік тілі – қазақ тілін және ресми қолданылу тілі – орыс тілін білу;
БҚ 6	Кәсіби сөздік қорын сауатты қолдану, өзінің кәсіптік қызметінде шет тілдерінен біліктілігін қолдана білу;
БҚ 7	Компьютерлік техниканы кәсіби қызмет саласында қолдану;
БҚ 8	Технологиялық, әлеуметтік – экономикалық және экологиялық факторларды ескере отырып, кәсіптік міндеттерді іске асыруға қажетті табиғат пен қоғамда өтіп жатқан процестер мен құбылыстар туралы тұтас ұғымы бар болу;
БҚ 9	Салауатты өмір салты, дене шынықтырудан икемділіктері мен дағдыларын меңгеру туралы жеткілікті ұғымы бар болу;
БҚ 10	Әскери міндетін атқарған кезде (жігіттер үшін) кәсіби білім мен дағдыларды қоса қолдану, алған медициналық білімін (қыздар үшін) күнделікті тәжірибеде пайдалану.

2-кесте Кәсіптік құзыреттер

ТжКБ деңгейі	Біліктілік	Кәсіптік құзырет (КҚ)
	<p>3.1. Біліктіліктің коды және атауы 040401 3 Балалар музыка мектебінің оқытушысы, концертмейстер 040401 3 Фортипианоға мамандандыру</p>	<p>3.1.1. Кәсіби деңгейде музыкалық шығармаларды орындау, өз бетімен жеке орындайтын, камералық-ансамблдік, концертмейстерлік репертуарды игеру;</p> <p>3.1.2. Концерттік аудитория жағдайында концерттік-орындаушылық жұмысты жүзеге асыру, интерпретаторлық шешім ізденісінде базалық теориялық білімдерін қолдану;</p> <p>3.1.3. Теориялық және орындаушылық талдау жасау, әр түрлі жанр, формадағы музыкалық шығармаларды біртұтас қабылдау;</p> <p>3.1.4. Музыкалық-орындаушылық жоспарларды шешуінде аспаптың тарихы, құрылымы туралы базалық білімдерін қолдану;</p> <p>3.1.5. Отандық және әлемдік орындаушылық мектептердің ерекшеліктерін талдау, танымал педагогтардың үрдістерін қолдану ;</p> <p>3.1.6. Ауызша және жазбаша түріндегі тіл мәдениетін, кәсіби терминологияны игеру;</p> <p>3.1.7. Балалар өнер мектептері, балалар музыка мектептері, басқа қосымша білім беру мекемелері, жалпы білім беру мекемелерінде музыкалық психология және педагогика саласындағы білімдерін қолданып педагогикалық және оқу-әдістемелік жұмысты жүзеге асыру;</p> <p>3.1.8. Оқитындардың жасын, психологиялық, физиологиялық ерекшеліктерін ескере орындаушылық сыныптарда классикалық және қазіргі заман әдіс-амалдарын қолдану;</p> <p>3.1.9. Музыкалық компьютерлік бағдарламалады хабардар болу, компьютерлік технологиялар саласындағы инновацияларға бейімді болу;</p>

		<p>3.1.10. Оқитындардың кәсіптік іскерліктерін дамыту жолдарын жоспарлау;</p> <p>3.1.11. Оқу-педагогикалық репертуарды меңгеру;</p> <p>3.1.12. Классикалық музыканы және қазіргі замандағы Қазақстан өнерін насихаттай отырып, базалық теориялық білімін мәдени-ағартушылық қызметінде қолдану.</p>
<p>3.2 Біліктіліктің коды және атауы 040402 3 – Балалар музыка мектебінің оқытушысы, ансамбль оркестрінің әртісі (басшы); 040402 3-1 Үрлемелі және соқпалы аспаптарға мамандандыру, 040402 3-2 Ішекті аспаптарға мамандандыр</p>		<p>3.2.1. Кәсіби деңгейде музыкалық шығармаларды орындау, өз бетімен жеке орындайтын, ансамблдік, оркестрлік репертуарды игеру;</p> <p>3.2.2. Концерттік аудитория жағдайында концерттік-орындаушылық жұмысты жүзеге асыру, интерпретаторлық шешім ізденісінде базалық теориялық білімдерін қолдану;</p> <p>3.2.3. Теориялық және орындаушылық талдау жасау, әр түрлі жанр, формадағы музыкалық шығармаларды біртұтас қабылдау;</p> <p>3.2.4. Музыкалық-орындаушылық жоспарларды шешуінде аспаптың тарихы, құрылымы туралы базалық білімдерін қолдану;</p> <p>3.2.5. Отандық және әлемдік орындаушылық мектептердің ерекшеліктерін талдау, танымал педагогтардың үрдістерін қолдану ;</p> <p>3.2.6. Ауызша және жазбаша түріндегі тіл мәдениетін, кәсіби терминологияны игеру;</p> <p>3.2.7. Балалар өнер мектептері, балалар музыка мектептері, басқа қосымша білім беру мекемелері, жалпы білім беру мекемелерінде музыкалық психология және педагогика саласындағы білімдерін қолданып педагогикалық және оқу-әдістемелік жұмысты жүзеге асыру;</p> <p>3.2.8. Оқитындардың жасын, психологиялық, физиологиялық ерекшеліктерін ескере орындаушылық сыныптарда</p>

Орта буын маманы

классикалық және қазіргі заман әдіс-амалдарын қолдану; 3.2.9. Музыкалық компьютерлік бағдарламалады хабардар болу, компьютерлік технологиялар саласындағы инновацияларға бейімді болу;
3.2.10. Оқитындардың кәсіптік іскерліктерін дамыту жолдарын жоспарлау;
3.2.11. Оқу-педагогикалық репертуарды меңгеру;
3.2.12. Классикалық музыканы және қазіргі замандағы Қазақстан өнерін насихаттай отырып, базалық теориялық білімін мәдени-ағартушылық қызметінде қолдану.

3.3 Біліктіліктің коды және атауы
040403 3 –Балалар музыка мектебінің оқытушысы, ұлттық аспаптар оркестрінің әртісі (басшы);
040403 3 Халық аспаптарға мамандандыру

3.3.1. Кәсіби деңгейде музыкалық шығармаларды орындау, өз бетімен жеке орындайтын, ансамблдік, оркестрлік репертуарды игеру;
3.3.2. Концерттік аудитория жағдайында концерттік-орындаушылық жұмысты жүзеге асыру, интерпретаторлық шешім ізденісінде базалық теориялық білімдерін қолдану;
3.3.3. Теориялық және орындаушылық талдау жасау, әр түрлі жанр, формадағы музыкалық шығармаларды біртұтас қабылдау;
3.3.4. Музыкалық-орындаушылық жоспарларды шешуінде аспаптың тарихы, құрылымы туралы базалық білімдерін қолдану;
3.3.5. Отандық және әлемдік орындаушылық мектептердің ерекшеліктерін талдау, танымал педагогтардың үрдістерін қолдану;
3.3.6. Ауызша және жазбаша түріндегі тіл мәдениетін, кәсіби терминологияны игеру;
3.3.7. Балалар өнер мектептері, балалар музыка мектептері, басқа қосымша білім беру мекемелері, жалпы білім беру мекемелерінде музыкалық психология және педагогика саласындағы білімдерін қолданып

		<p>педагогикалық және оқу-әдістемелік жұмысты жүзеге асыру;</p> <p>3.3.8. Оқитындардың жасын, психологиялық, физиологиялық ерекшеліктерін ескере орындаушылық сыныптарда классикалық және қазіргі заман әдіс-амалдарын қолдану;</p> <p>3.3.9. Музыкалық компьютерлік бағдарламалады хабардар болу, компьютерлік технологиялар саласындағы инновацияларға бейімді болу;</p> <p>3.3.10. Оқитындардың кәсіптік іскерліктерін дамыту жолдарын жоспарлау;</p> <p>3.3.11. Оқу-педагогикалық репертуарды меңгеру;</p> <p>3.3.12. Оқу-педагогикалық репертуарды меңгеру;</p>
<p>3.4 Біліктіліктің коды және атауы 040404 3 –Балалар музыка мектебінің оқытушысы, эстрадалық аспаптар оркестрінің әртісі (жетекшісі); 040404 3 Эстрадалық музыкалық аспаптарға мамандандыру</p>		<p>3.4.1. Кәсіби деңгейде музыкалық шығармаларды орындау, өз бетімен жеке орындайтын, ансамблдік, оркестрлік репертуарды игеру;</p> <p>3.4.2. Концерттік аудитория жағдайында концерттік-орындаушылық жұмысты жүзеге асыру, интерпретаторлық шешім ізденісінде базалық теориялық білімдерін қолдану;</p> <p>3.4.3. Теориялық және орындаушылық талдау жасау, әр түрлі жанр, формадағы музыкалық шығармаларды біртұтас қабылдау;</p> <p>3.4.4. Музыкалық-орындаушылық жоспарларды шешуінде аспаптың тарихы, құрылымы туралы базалық білімдерін қолдану;</p> <p>3.4.5. Отандық және әлемдік орындаушылық мектептердің ерекшеліктерін талдау, танымал педагогтардың үрдістерін қолдану ;</p> <p>3.4.6. Ауызша және жазбаша түріндегі тіл мәдениетін, кәсіби терминологияны игеру;</p> <p>3.4.7. Балалар өнер мектептері, балалар музыка мектептері, басқа қосымша білім беру мекемелері, жалпы білім беру мекемелерінде</p>

	<p>музыкалық психология және педагогика саласындағы білімдерін қолданып педагогикалық және оқу-әдістемелік жұмысты жүзеге асыру;</p> <p>3.4.8. Оқитындардың жасын, психологиялық, физиологиялық ерекшеліктерін ескере орындаушылық сыныптарда классикалық және қазіргі заман әдіс-амалдарын қолдану; 3.4.9. Музыкалық компьютерлік бағдарламалады хабардар болу, компьютерлік технологиялар саласындағы инновацияларға бейімді болу;</p> <p>3.4.10. Оқитындардың кәсіптік іскерліктерін дамыту жолдарын жоспарлау;</p> <p>3.4.11. Оқу-педагогикалық репертуарды меңгеру;</p> <p>3.4.12. Оқу-педагогикалық репертуарды меңгеру.</p>
--	--

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2015 жылғы 22 қаңтардағы
№ 72 бұйрығына 58 қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2015 жылғы 15 маусымдағы
№ 384 бұйрығына 454 қосымша

Үлгілік оқу жоспары

техникалық және кәсіптік білім

Білім коды мен бейіні: 0400000 Өнер және мәдениет

Мамандығы: 0405000 - Хор дирижері

Біліктілігі: 0405013 - Оқытушы, хормейстер

Оқыту нысаны: күндізгі

Оқытудың нормативтік мерзімі: 3 жыл 10 ай

музыкалық білім беру (БММ, БӨМ)

Оқу процесінің жоспары

Цикле р мен пәндер дің индексі	Цикле р мен пәндер дің атаулар ы	Бақылау нысаны				Оқу уақытының көлемі (сағ.)				Семест рлер бойын ша бөлу*
		емтихан	сынақ	бақыла у жұмыст арының сандар ы	курсты қ жоба (жұмыс)	Барлығы	оның ішінде:			
							теориял ы қ сабақта р	практикалық(зертханалық-прк атикалық) сабақтар	Курсты қ жоба (жұмыс)	
						топтық	жеке			

ЖКП 02	Музыка теориясы (топтық)	+	+			74	24	50			1-2
ЖКП 03	Сольфеджио					294		294			1-8
ЖКП 04	Гармония (топтық)					220	76	144			3-8
ЖКП 05	Теория, гармония (жеке)					72			72		
ЖКП 06	Қазақ музыка әдебиеті мен фольклор	+				148	98	50			1-4
ЖКП 07	Әлемдік музыка әдебиеті		+			294	200	94			1-8
ЖКП 08	Музыкалық шығармаларды талдау		+			74	37	37			5-6
ЖКП 09	Фортепиано	+	+			294			294		
АП 00	Арнайы пәндер					2004	148	1106	750		
АП 01	Хор сыныбы		+			960		960			
АП 02	Дирижерлік ету	+				480			480		
АП 03	Хор партитураларын оқу		+			160			160		
АП 04	Балаларға музыкалық тәрбие беру әдістемесі	+				74	37	37			3-4

Циклдің индексы (пәннің)	Пәндердің, практикалардың атаулары мен негізгі бөлімдері	Қалыптасатын білімдер, іскерліктер және дағдылар	Қалыптасатын құзыреттер коды
ЖБП.00	Жалпы білім беретін пәндер		
ЖГП.00	Жалпыгуманитарлық пәндер		
ЖГП.01	<p>Кәсіби қазақ (орыс) тілі Мамандықтары бойынша кәсіби қарым-қатынас жасау үшін қажетті лексика-грамматикалық материалдар (1200-1400 лексикалық бірлік); кәсіпке байланысты мәтіндерді аудару техникасы; кәсіби қарым-қатынас.</p>	<p>Білімдер: - кәсіби терминологияны; - қазақ (орыс) тілі жүйесін және қарым-қатынас жасау тілдік құралдарының ережелерін; Іскерліктер: - аударма жасау техникасын білу; - сөздіксіз ауызша және жазбаша бағдарламалық тілдік материал аясында аударма жасау;</p>	БҚ 6
ЖГП.02	<p>Кәсіби шетел тілі Мамандықтары бойынша кәсіби қарым-қатынас жасау үшін қажетті лексика-грамматикалық материалдар (1200-1400 лексикалық бірлік); кәсіпке байланысты мәтіндерді аудару техникасы; кәсіби қарым-қатынас.</p>	<p>Білімдер: - кәсіби терминологияны; - шет тілінің жүйесін және қарым-қатынас жасау тілдік құралдарын пайдалану ережелерін; Іскерліктер: - аударма жасау техникасын меңгерген; - аудармасыз, ауызша және жазбаша бағдарламалық тілдік материал аясында аударма жасау.</p>	БҚ 6
ЖГП.03	<p>Дене тәрбиесі (ритмика) Салауатты өмір салтын қалыптастырудағы дене шынықтырудың ролі. Тұлғаның дене шынықтыру және жан-жақты дамуының негіздері. Кәсіби қолданбалы дене шынықтыру. Қимыл үйлестігін, болашақ кәсіби артистік қызметке қажетті дене мүшесінің икемдігі мен дене мүсінің сұлулығын</p>	<p>Білімдер: - дене шынықтырудың адамның жалпы мәдени, кәсіби және әлеуметтік дамуындағы ролі жайлы; - салауатты өмір салтының негіздерін; Іскерліктер: - денені шынықтыру және сауықтыру қызметті денсаулықты нығайту,</p>	БҚ 12

	калыптастыруға арналған ырғақтық гимнастика сабағы.	өмірлік және кәсіби мақсаттарға қол жеткізу үшін пайдалану.
--	---	---

ӘӘП.00	Әлеуметтік-экономикалық пәндер	
ӘӘП.01	<p>Мәдениеттану Мәдениеттану және оның қоғам өміріндегі ролі. Мәдениет теориясы. Мәдениеттің қалыптасуы мен дамуы. Мәдениет туралы көне және орта ғасырлық түсінік. Ренессанс кезеңіндегі мәдениет. Капитализм құндылығындағы жүйелер.;</p> <p>Өз халқының мәдени-тарихи құндылықтарын тану, ұлттардың жалпы адамзаттық мәдениетке жетуі. Қазақстан мәдениетінің даму кезеңдері. Орта ғасырдағы Қазақстан халықтарының мәдениеті, оның салт-дәстүрі халықтың көркем өнері. Қазіргі Қазақстан мәдениеті.</p>	<p>Білімдер: - тақырыптар бойынша материал: қоғам және мәдениет, мәдениет және өркениет, мәдениеттің дамуы, дәстүрлер, жалғастық, жаңашылдық. Мәдениеттегі ұлттық және жалпы адамзаттық.</p> <p>- өз халқының, ұлттық мәдени-тарихи құндылықтары, жалпыадамзаттық мәдениет жетістіктерімен үндестікті;</p> <p>- қазақстан мәдениетінің даму кезеңдерін, көнеден қазіргі заманға дейін мәдениеттің дамуын;</p> <p>Іскерліктер: - мәдениеттану ұғымдарын еркін пайдалана білу; - материалдық және рухани мәдениеттің ерекшеліктерін түсіндіре алу.</p>
		БҚ 9
		<p>Білімдер: - әлем туралы философиялық, ғылыми және діни көзқарастар, адам өмірінің мәні туралы;</p> <p>- ғылым мен ғылыми танымның ролі туралы, оның құрылымы, формалары және этикалық мәселелері туралы;</p> <p>-адам мен қоғам өміріндегі философияның ролін;</p> <p>- философиялық білімнің болмыс туралы негіздерін;</p> <p>- таным процесінің мәнін;</p>

ӘӘП. 02

Философия негіздері
Философия пәні, дүниежүзілік философиялық ойлардың рухани негіздері; адам табиғаты мен оның тіршілігі;
Адам және Құдай; адам және космос; адам, қоғам, өркениет, мәдениет; тұлғаның бостандығы мен жауапкершілігі, адамзаттық таным мен қызметі; ғылым мен оның ролі; адамзат жаһандық кең мәселелердің қарсаңында.

- әлем туралы ғылыми, философиялық және діни көзқарастардың негізін;
- тұлғаның қалыптасу жағдайларын;
- өмірді, мәдениетті, қоршаған ортаны сақтауға қатысты жауапкершілік пен ерік туралы ұғымдарды;
- ғылым, техника және технологиялардың дамуы мен жетістіктерін пайдаланумен байланысты әлеуметтік және этикалық мәселелерді;

БК 9

Іскерліктер:

- адамның биологиялық, әлеуметтік және дене тәрбиесі, рухани бастаулардағы мінез-құлқын анықтау;
- адамның ой-санасының, саналы, санасыз жүріс тұрысының мәнін талдау;
- қоғамдағы адамдармен арадағы адамгершілік қарым-қатынастарды реттеу;
- болмыстың, таным, құндылықтар, еркіндік және өмірдің мәніндегі жалпы мәселелерін қарастыру, олардың азаматтық және болашақ маманның мәдениетін қалыптастыру;

Әлеуметтану және саясаттану негіздері
Саясат және қазіргі қоғамдағы саясаттың ролі . Саясат және саясаттану, шетелдік әлеуметтік саяси ойдың дамуы және пайда болу кезеңдері, оның идеялары мен теорияларының өзгерістері мен тегі туралы жүйелі түсінік. Әлеуметтік топтар және оның саясаттағы ролі. Саяси билік жүйесі,

Білімдер:

- әлеуметтану ұғымы;
- қоғамның әлеуметтік құрылымын, оның критерийлерін;
- әлеуметтану зерттеулерінің түрлерін;
- саясаттанудың ғылым және оқу пәні ретінде түсінігінің болуы;
- саяси билік туралы ұғымды;
- азаматтардың негізгі саяси құқықтарын;

<p>ӘЭП.03</p>	<p>пайда болуы, саяси мәдениет және оның компоненттерінің ерекшеліктері. Халықаралық қатынастар және ішкі саясат. Қазақстан халықаралық қатынастар жүйесінде. Оның даму жолындағы жаһандық мәселелері. Саяси әлеуметтанудың функциялары. Әлеуметтік концепциялар. Шағын орталарда әлеуметтік талдау; әлеуметтік процестер, институттар, ұйымдар. Әлеуметтік сұрақ жүргізу әдістері.</p>	<ul style="list-style-type: none"> - негізгі халықаралық ұйымдарды; - халықаралық қатынастардың негізгі принциптерін; - қазіргі заманғы глобалдық мәселелерді; <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - биліктің мәнін, саяси тұлғаларды анықтау; - Қазақстандағы, әлемдегі жалпы саяси қарым-қатынастар мен процесстерді түсініп, өз мамандық аясында қолдана білу; - саяси жүйелер туралы көзқарас қалыптастыру. 	<p>БҚ 8</p>
<p>ӘЭП.04</p>	<p>Экономика негіздері Экономикалық теория тарихи жобада. Жекеменшік түрлері мен формалары; Нарықтың пайда болуы және дамуы. Қазақстан Республикасының нарықтық экономикаға өту негіздері. Сұраныс, ұсыныс, нарықтық баға. Кәсіпкерлік және жеке еңбек қызметі. Кіріс, қосымша кіріс. Экономиканы мемлекеттік жүргізу түрлері. Ұлттық және әлемдік валюта жүйесі.</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - экономикалық теорияның жалпы ережелерін; - меншіктің формалары мен түрлерін; - Қазақстанның нарық жүйесінің қалыптасуын; - кәсіпкерлік формаларын ; <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - экономикалық ақпаратты тауып, пайдалана білу; - экономикалық терминдер мен ұғымдарды ажырата білу; -экономика әлемінде бағдар таба білу. 	<p>БҚ 11</p>
<p>ӘЭП. 05</p>	<p>Құқық негіздері Құқық, түсінік, жүйе, деректеме. Қазақстан Республикасының Конституциясы - құқық жүйесінің түйіні. -Адам құқығының жалпы декларациясы. Тұлға, құқық, құқықтық мемлекет. Заңгерлік жауаптылық және оның түрлері. Құқықтың негізгі тармақтары, Қазақстан</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - адам мен азаматтың құқы мен еркі, олардың жүзеге асу механизмдерін; - кәсіби қызмет аясындағы құқықтық және адамгершілік-этикалық нормаларды; <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - маманның кәсіби қызметін реттейтін 	<p>БҚ 8</p>

	Республикасының соттық жүйесі, құқыққорғау ұйымдары.	нормативті-құқықтық құжаттарды пайдалану.	
ЖКП. 00	Жалпы кәсіптік пәндер		
ЖКП. 01	<p>Музыкалық педагогика мен психология негіздері Психология нысаны. Тұлға туралы түсінік. Жалпы психология мәселелері. Жас жеткіншектер психологиясы мәселелері. Педагогика негіздері. Педагогика, оның нысаны. Музыкалық педагогика. Оқу процесі, оның негізгі принциптері, түрлері, әдістемелері мен құралдары. Балалар музыкалық мектебіндегі оқу жүйесі.</p>	<p>Білімдер: - музыкалық психология мен музыкалық педагогиканың қалыптасу тарихы мен дамуын; - музыкалық педагогика мен музыкалық педагогиканың психологиялық-педагогикалық ғылым жүйесінде алатын орны және олардың қолдану маңыздылығын; - музыкалық педагогика мен психологияның қазіргі заманғы принциптерінің негізінде жатқан концепциялары мен бағыттарын; - қазіргі кезеңдегі ғылымдардың негізгі даму бағыттарын; музыкалық білім берудің парадигмаларын; - қазіргі заманғы музыкалық білім беру мен музыкалық мәдениеттің өзекті мәселелерін; - педагогика мен психологияның ерекшеліктеріне қарай өзгеру сипатын; - балалар музыка мектептерінде балалармен жұмыс жасау ерекшеліктерін; - музыкалық дәрістерді ұйымдастырудың негізгі принциптарын, формалары мен әдістерін. Іскерліктер: - музыкалық білім беру саласындағы психология-педагогикалық концепцияларды еркін пайдалану;</p>	БҚ 3,4, 5

		<ul style="list-style-type: none"> - музыкалық педагогика мен психология саласынан алған теориялық білімін тәжірибеде қолдану; - қазіргі заманғы талаптарға сай музыкалық-педагогикалық процесті толығымен ұйымдастыру; - музыкалық қабілеттерді анықтаудың тестілік әдістерін пайдалану, психикалық процестер мен қалыптардың даму деңгейін анықтау. 	<p>КҚ 3.1.1 КҚ3.1.2</p>
ЖКП. 02	<p>Музыка теориясы (топтық) Секвенция ойнау. Жүйеліктер ойнау (сатылы, интервалды, аккордты). Аккордтардың бар мүмкін ладтар мен үндестіктерге шешілуі. Жазба тапсырмалары. Музыкалық шығармаларды талдау.</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - тоналды, модальды дыбыс тізбектерін, диатоникалық, хроматикалық аралықтарды, аккордтарды (үш үндіктер, септаккордтар мен нонаккордтар), құру принциптерін, мажорлық және минорлық тоналдықтардың ара-қатынастарын; - хор партитураларының музыкалық материалдық фактуралық баяндау түрлерін; - вокалдық және аспаптық музыканы қарапайым және күрделі өлшемдерде топтаудың принциптарын. <p>Іскерліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - клавиатурада кез келген октавада, кез-келген " соль", "фа", "до" кілттерінде еркін әрекет ете білу; - тоналдық жоспарды, хроматикалық, диатоникалық, аккордтық, аккордтық емес дыбыстарды, шағын музыкалық үзіндінің формасын анықтай алу; - вокалдық және музыкалық музыканы 	<p>БҚ 3 КҚ 3.1.1</p>

		<p>қарапайым және күрделі өлшемдерде топтастыра білу;</p> <p>-тасымалдауды барлық тәсілдер арқылы жасай алу;</p> <p>- танымал әуенді дауыспен және сүйемелдеу арқылы айту.</p>	<p>КҚ 3.1.2</p> <p>КҚ 3.1.3</p>
<p>ЖКП. 03</p>	<p>Теория, гармония (жекеше)</p> <p>Секвенция ойнау.</p> <p>Жүйеліктер ойнау (сатылы, интервалды, аккордты).</p> <p>Аккордтардың бар мүмкін лад пен үндестіліктерге шешілуі.</p> <p>Жазба тапсырмалары.</p> <p>Музыкалық шығармаларды талдау.</p>	<p>Білімдер:</p> <p>- музыкалық ойлау, музыкалық қабылдау, ладтық сезіну, ішкі есту қабілетін ырғақтық тәрбиелеу, форманы сезіне білу тәсілдерін дамыту және тәрбиелей білу;</p> <p>- түрлі есту қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыстардың түрлері мен жаттығуларын;</p> <p>-парақтан оқудың көркемдік элементтерін (жылдамдық-метр-ырғақ, динамика, артикуляция, фразировка);</p> <p>- дирижерлерге олардың болашақ қызметіне қажетті арнайы есту және әншілік тәсілдерді.</p> <p>Іскерліктер:</p> <p>- ноталық мәтінге музыкалық шығармадағы көркемдік құралдардың рөлін түсіндіру арқылы қарапайым талдау жасай білу;</p> <p>- барлық тәсілдерді қолдана отырып тасымалдау жасау;</p> <p>- оқытушының нақты тапсырмалары бойынша сегіз такті көлемінде қысқа және модельдік құрылымдар шығара білу ;</p> <p>- музыкалық тілдің клавиатура және жазба түрдегі қарапайым үлгілерін меңгеру;</p>	<p>БҚ 3</p> <p>КҚ 3.1.1</p> <p>КҚ 3.1.2</p>

		<p>- бір дауысты әуендерге сүйемелдеуді таңдай білу ;</p> <p>- әуендерге төрт дауысты-гармониялық фактурада фортепианода және жазбаша түрде гармония жасай білу.</p>	
ЖКП. 04	<p>Гармония (топтық) Классикалық гармонияның ең маңызды заңдылықтарын зерттеу. Музыкадағы гармонияның функциялары (кұрылымдық, композициялық, фондық, функциялық, ладтық). Функционалдық, аккордтардың функционалдық жүйесі, гармоникалық оралымдар .</p> <p>Гармоникалық әуен және бас.</p> <p>Толық функционалдық жүйе. Хроматикалық жүйе: ауытқулар, 1-2 дәрежелі жақындықты үндестіліктер және алыс үндестілерге модуляциялар. Аккордқа жатпайтын дыбыстар. Органдық пункт. Мажорлы-минорлы және минорлы-мажорды жүйелер, Эллипсис.</p>	<p>Білімдер:</p> <p>- бағдарламалық көлемде классикалық гармонияны ұйымдастырудың теориялық негіздері (бірінші дәрежедегі туыстық модуляциясын ескергенде);</p> <p>- әуен мен басты гармониялаудың негізгі ережелері;</p> <p>- классикалық және романтикалық гармонияның маңызды заңдылықтары;</p> <p>- гармонияның көркемдік және форма түзуші мүмкіндіктері.</p> <p>Іскерліктер:</p> <p>- музыкалық материалға ладтық жүйе, дыбыс тізбегінің ерекшелігі (диатоникалық, хроматикалық ладтар, ауытқулар мен модуляция) тұрғысынан, гармониялық жүйе (гармонияның модальдық және функционалдық жағы), материалдың фактуралық баяндалуы (фактуралардың түрі), музыкалық материалды баяндау типтері, модальдық типтер жағынан талдау жасау;</p> <p>- гармониялық құралдарға музыкалық шығарманың мазмұнына қарай мінездеме беру;</p> <p>- үйренетін құралдарды фортепианоға арналған жаттығуларда қолдану, аккордтарды түрлі әуендік қалыптарда</p>	БҚ 3

	<p>Энгармоникалық модуляция. Гармония тарихына шолу жасау.</p>	<p>дауыстардың кең және тар орналасуында, каданстардың барлық түрлерінде, гармониялық айналымдарда, диатоникалық және хроматикалық секвенцияда, бірінші дәрежедегі туыстық тоналдықтағы модуляцияларда шағын модуляциялық формула және период түрінде қолданады;</p> <p>- үйренетін құралдарды гармониялауға арналған жазба тапсырмаларда қолданады.</p>	<p>КҚ 3.1.3 КҚ3.1.4</p>
<p>ЖКП. 05</p>	<p>Сольфеджио Курс негізі – музыкалық есту қабілетін дамыту. Гармония, музыка теориясы курсына алған білімдерін тәжірибелі түрде қолдану: -интонациялау және естуін анықтау; - парак бетінен оқи білу; - бір дауыстан 4 дауысты музыкалық диктант жазу техникасын дамыту.</p>	<p>Білімдер: - музыка теориясының негізі туралы. Іскерліктер: -бір дауысты-төрт дауысты музыкалық мысалдарды сольфеджио жасау; - бір дауысты екі, үш, төрт дауысты хор партитураларындай дыбыстық сапты камертон бойынша нақты ұстау арқылы сольфеджио жасау; - музыкалық мысалдың жанрына байланысты қосымша дауыстар немесе қосалқы дауыстарды ойдан шығара білу; - музыкалық құрылымдарды бағдарламалық талаптарға сай жаза білу, сонымен қатар шағын хор партитураларын алдын ала талдау жасай отырып ойша жаза білу; -полифониялық жанрлармен қоса, түрлі стиль, жанрлардағы әуендерді гармониялау; - туыстас тоналдықтарға ауытқыған немесе</p>	

		<p>модуляцияға ұшыраған сатылық, аралық, аккордтық тізбектерді ести, әндете, талдай білу;</p> <ul style="list-style-type: none"> - ұсынылған мелодиялық немесе гармониялық бөлікті аяғына дейін жеткізу; - музыка тілінің қарапайым машықтарын клавиатура және жазуда қолдана білу, музыкалық шығармаға теориялық талдау жасай білу; 	<p>БҚ 3 КҚ 3.1.3</p>
<p>ЖКП. 06</p>	<p>Қазақ музыка әдебиеті және фольклор Дәстүрлі ауызекі кәсіби өнер; аймақтық мектептер(әндік және аспаптық); Дәстүрлі жазба кәсіби музыкасының қалыптасуы; Қазақстан композиторларының шығармалары (Е.</p>	<p>Білімдер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - қазақ халқының бай мұрасы-көне тұрмыс - салттық ән және аспаптық фольклордың бір бөлігі, сонымен қатар ХХ-ХХІ ғасырдағы кәсіби композиторлық музыкасын; - қазақ музыкасының негізгі даму кезеңдерін; - ежелгі музыкалық өнер және музыкалық тілдің арнайы элементтерінің дамуы; - 20 ғасырдың музыкалық өнері-өзекті мәселелер, даму тенденциялары; - тарихи кезеңге бөлу және отандық фольклордың жанрлық жүйесі; - х а л ы қ шығармашылығын зерттеудің әдістемесі; - фольклордың синкретикалық формасын; - халықтық және композиторлардың әндері мен күйлерін білу және ажырата білу; - аймақтық әншілік және аспаптық мектептердің сільдік ерекшеліктері; - қазақ музыка мәдениетінің негізгі 	<p>БҚ 3</p>

<p>Брусиловский, А. Жұбанов, Л. Хамиди, М. Төлебаев және т.б.).</p> <p>Қазақстан композиторларының шығармашылық негізгі жанрлары;</p> <p>Қазақстанның қазіргі музыкалық мәдениеті мен композиторлардың шығармалары.</p>	<p>тарихи даму кезеңдері, негізгі бағыттар, стильдер мен жанрлар;</p> <p>- ұлттық композиторлық мектептердің құрылуы;</p> <p>- қазақ композиторларының шығармашылық өмірбаяндары;</p> <p>-бағдарламаға енген симфониялық, камералық</p> <p>- вокалдық, камералық-аспаптық және өзге де жанрлардың үлгілерін білу.</p> <p>Іскерліктер:</p> <p>- ноталық мәтін және әдебиетпен жұмыс жасай білу;</p> <p>- білімін жазба және ауызша түрде кәсіби тұрғыдан сауатты жеткізе білу;</p> <p>-аймақтық мектептер мен кәсіби композиторлардың жеке-стильдік сипаттарын ажырата білу;</p> <p>-музыка мәдениетінің бүкіл кезеңіндегі қазақ композиторларының шығармаларын тани, әрі талдау жасай білу;</p> <p>- қазақ музыка әдебиетіне жататын әдебиеттерді ойнау, берілген тақырыптар бойынша рефераттар жазу.</p>	<p>КҚ 3.1.2</p> <p>КҚ3.1.4</p>
	<p>Білімдер:</p> <p>- музыка өнерінің мәдениет жүйесіндегі рөлі мен маңызы туралы;</p> <p>-музыка мәдениетінің негізгі тарихи даму кезеңдері, негізгі бағыттары, стильдері мен жанрлары;</p> <p>- отандық және шет елдік музыканың ежелгі музыкалық өнерден антик дәуіріне дейінгі, одан соң қазіргі заманғы, сонымен қатар, XX-XXI</p>	

Дүниежүзілік музыка әдебиеті

I тарау. Шетел әдебиеті. Музыка өнер түрі ретінде және оның мәнерлік жүйелері. Музыканың негізгі жанрлары.

Классикалық музыка өнерінің әр алуан жанрларының дамуы мен қалыптасуы (театрлық, вокал-хорлық, симфониялық және камера-аспаптық жанрлары). Музыка өнерінің эволюциясы; көркемдік ағымдар-барокко, классицизм, романтизм, империализм.

Оқушылардың жалпы эстетикалық және музыкалық дамуын есепке ала отыра И. Бахтан М. Равельге дейінгі композиторлардың шығармалары.

II тарау. Орыс музыка әдебиеті М. Глинкадан И. Стравинскийге дейін.

Опералық, симфониялық, вокал-хорлық негізгі шығармалары: шығармашылық ұйымдар, тарихи және көркемдік кескіндемелер.

III тарау: XX ғасырдың музыка (К. Орф, А. Оннегер, М. Де Фалья, Б. Барток, Б. Бриттен, Гершвин) және кеңес музыкасы (С. Прокофьев, Д. Шостакович, Г. Свиридов, В. Гаврилин, Р. Щедрин).

ғғ. музыка өнеріне дейінгі негізгі даму кезеңдері;

- ұлттық дәстүрлердің ерекшеліктері, музыканың фольклорлық бастаулары;

- орыс және шет елдік а т а қ т ы

композиторлардың шығармашылық өмірбаяндары;

-музыка өнерінің симфониялық, опералық, камералық-вокалдык, камералық- аспаптық және өзге де жанрларының бағдарламалық минимумын; (есту арқылы елестету, ноталық мәтін);

- музыкалық шығарма негізінде музыкалық өнердің теориялық негіздері;

-музыкалық тілдің элементтері, форматүзудің принциптері, гармониялық дамудың ерекшеліктері, гармонияның көркемдік және форматүзуші мүмкіндіктері;

Іскерліктер:

- түрлі музыкалық бағыттар, стильдер мен жанрларға жататын шығармаларды ажырата білу;

-музыкалық шығармаға теориялық және орындаушылық талдау жасай білу;

- музыкалық шығарманың мазмұнындағы көркемдік құралдарға сипаттама беру;

-бейтаныс музыкалық шығармаға төмендегідей талаптар бойынша талдау

		<p>жасау: стильдік ерекшеліктер, жанрлық белгілер, формақұрушы ерекшеліктер, фактуралық, метр-ырғақты, ладтық ерекшеліктер;</p> <p>-музыкалық шығарманың түрлі басылымдарына салыстырмалы талдау жасай білу;</p> <p>- дыбыс жазу аппаратурасымен жұмыс жасай білу.</p>	<p>КҚ 3.1.2 КҚ 3.1.4</p>
<p>ЖКП. 08</p>	<p>Музыкалық шығармаларға талдау жасау</p> <p>Музыка түрлері мен жанрлары. Жалпы талдау туралы түсінік. Кезең, карапайым түрлер. Күрделі түрлері. Вокалды – камералық музыка түрлері.</p> <p>Қарама-қарсылық құрас-тырмалы және шоғыр-ланған түрлері. Рондо және вариациялық түрлері. Сонаталық түрі және оның әр түрлілігі. Циклдық түрі. Полифониялық түрі.</p>	<p>Білімдер:</p> <p>-тарихи қалыптасқан музыкалық формалардың заңдылығын білу;</p> <p>-музыкалық ойлау мен форма түзудің дамуы туралы;</p> <p>- карапайым және күрделі формаларды анықтау, вариациялық және сонаталық, рондо-сонатаны;</p> <p>-циклдық және аралас формалар туралы ұғым; музыкалық форманың бөліктері туралы;</p> <p>- вокалдық шығармалардағы форматүзуші ерекшеліктер туралы.</p> <p>Іскерліктер:</p> <p>- кәсіби түрде талдау жасай алу және музыкалық формаға байланысты нота мен есту арқылы еркін анықтама жасай білу;</p> <p>- музыкалық шығарманы жанр, стиль, дәуір және композитордың жеке стиліне қарай қарастыра алу;</p> <p>-музыкалық шығарманы мазмұн тұтастығы және көркемдік форма жағынан талдау жасай білу;</p>	<p>БҚ 3 КҚ 3.1.4</p>

		- музыкалық шығарманың маңызына дұрыс баға беру.	
ЖКП. 09	<p>Фортепиано Өр алуан фактура және форма, стиль, мазмұндар бойынша фортепиано музыкасының негізгі жанрларын игеру, Академиялық концерттер, емтихандар, сынақтарға жатталған бағдарламаларды шығару.</p> <p>Парақтан оқу, ансамбльде ойнау, сүйемелдеу, транспорттау дағдыларын дамыту. Өздігімен жұмыс істеу дағдыларын, музыкалық-теориялық пәндер курсы бойынша оқу материалын иллюстрациялауды қалыптастыру. Кәсіптік терминологияны білу.</p>	<p>Білімдер: - ансамбльдік және хор ұжымына фортепианода сүйемелдеу жасай; - бағдарламалық талаптарға сай хор партитураларын парақтан оқи білу.</p> <p>Іскерліктер: - фортепианода түрлі асаррелла хорларға арналған партитураларды сүйемелдеумен қоса орындай білу; тасымалдау жасауарнайы әдебиеттер мен кәсіби терминологияны қолдана білу.</p>	КҚ 3.1.3
АП. 00	Арнайы пәндер		
		<p>Білімдер: - вокалдық-хор машықтары (хорды камертон бойынша партитурамен жұмыс барысында қалаған жерінде тексере білу, кез-келген партитураны дұрыс айта білу, шығармадағы қиын бөлікпен жұмыс барысында шешім таба білу, хор мүшелерінің тыныс алуын қадағалау және ретке келтүре білу, дикция мен артикуляцияға қатысты мәселелерді шеше білу, барлық музыкалық көркемдік құралдарының көптүрлілігін (толықтай); - хорда ән салу – тыныс алу (тыныс алудың тәсілдері), дыбыс түзілу (</p>	

АП.01

Хор сыныбы

Хор класының мақсаттарын және жұмыс мазмұнын анықтау. Өртүрлі вокалды-хорлық жаттығуларды үйрету және орындау. Шығарманы толығымен қамту және алғашқы оқу; авторлық мәтінді толығымен талдау. Әлемнің құбылыстық жағдайы мен көркемдік бейнелерін түсіну. Жетекшінің жеке хор партиялар орындаушылармен және жеке әншілермен жұмыс істеу. Оқушылардың хор класының ұжымымен жұмыс істеу. Орындалатын шығарманың партитурасын талдау. Орындаушылық тәжірибеде теориялық білімдерін қолдану. Т а н ы м а л музыканттардың кеңесі мен ұсыныстарын, орындаушылықтың теориялық аумағында ғылыми - зерттеу еңбектерін қолдану. Ө р т ү р л і орындаушылармен орындалған шығармалардың жазбасына салыстырмалы талдау. Өр түрлі жанрадағы, стил мен түрлердегі шығармаларды енгізе отырып, репертуарды жинақтау.

дыбыс шабуылы, дыбыстың жұмырлануы, бас және кеуде, аралас резонаторларды пайдалана білу, тесситураның әр түрін меңгеру, хордың дыбысталуында түрлі тембрларды дамыту, дыбысты алып жүру, түрлі штрихтарды меңгеру, ансамблдік машықтар- сапты ұстап тұра білу, таза интонация жасай білу, артикуляциялық аппарат қозғаласының дикциялық дамулары; - орфоэпиядан хабары болу; - концерттік-орындаушылық және ұйымдастырушылық қызмет; даярлық жұмыс; - хор партияларын парақтан оқу; -Хормен жұмыс жасауда вокалдық тәсілдерді меңгеруде шет елдік, ресей, қазақ хор мектептерінің шеберлері жазған дидактикалық принциптерді негізге алу. **Іскерліктер:** - бағдарламаны біртұтас композициялық тұтастық ретінде құрастыра білу; - хор мен ансамбльда классикалық, қазіргі заманғы, халық музыкасына жататын камералық шығармаларды айту; -түрлі жанрларға жататын (ораториялар, кантата, месса, концерттер, поэмалар, с ю и т а л а р) шығармалардан тұратын орташа қиындықтағы репертуарды түрлі хор ұжымдарына ұсыну;

КҚ 3.1.5

КҚ 3.1.6

КҚ 3.1.7

КҚ 3.1.8

	<p>- вокалдық ансамбль мен хор ұжымдарының құрамында партиялар орындау;</p> <p>-хор ұжыммен музыка ойнауда арнайы тәсілдер және дауысты тәрбиелеу;</p> <p>- хор тобында ансамбльдік көптүрліліктер және мелодиялық және гармониялық құрам бойынша жұмыс жасау;</p> <p>- шығарманы фортепианоның сүйемелдеуімен жаттауға байланысты қимыл-қозғалыс үйлесімділігі;</p> <p>- вокалдық және мануалдық технологияның хор ансамблімен жұмыс барысында тоғысуы;</p>	<p>КҚ 3.1.10</p> <p>КҚ 3.1.14</p>
	<p>Білімдер:</p> <p>- дирижерлік аппаратты еркін қолдану, дирижерлік етудік мануалдық құралдарының әдістерін;</p> <p>- хордың дыбысталуын эмоциалық ерікпен басқару қабілеті;</p> <p>- дамыған ести білу мәдениетінің болуы;</p> <p>- түрлі құрамдағы хор ұжымымен тәжірибелік жұмыс жасау;</p> <p>- хор шығармасын толығымен оқи және қамти білу;</p> <p>- авторлық мәтінді детальды түрде талдай алу;</p> <p>- хормейстер ретінде даярлық жұмыс жасау;</p> <p>- негізгі кәсіби міндеттерді орындай алу көлемінде қажетті фортепианода ойнау қабілеті болу;</p> <p>- түрлі фактураға жататын хор</p>	

АП.02

Дирижерлік ету

Дирижерлік ету: дирижерлік қол қағысының принциптері, дирижерлік етудің сызбалары. Дирижер- жетекші, ұйымдастырушы, педагог, тәрбиеші. Дирижерлік ету процесі, оның мәні, негізгі көркемдік құралдар. Дирижерлік етудің техникасы, қол автономиясының элементтері, қойылым көрсетілуінің тәсілдері, ферматалар, кідірістер, қолдың түсірілуі. Камертонмен жұмыс. Партитурамен жұмысқа дайындық. Репитициялар өткізу. Дирижерлік техниканың негіздері: қағыс, динамика, ырғақтық сурет, сныпта партитурамен дирижерлік ету. Жылдамдықты ауыстыру, динамиканың бүкіл спектрі. "acapella" хорымен жұмыс жасау әдістемесі. Хормен репитиция жасау.

шығармаларын тасымалдау, парақтан оқи алу.

Іскерліктер:

- дирижерлік қол қағыста шығарманың ұйымдастырушы бастау ретінде ырғақтық құрылымын бейнелеу;
- қол қағысында хор шығармасының стилін, оның тембрлік реңкін, динамикасы мен агогикасын бейнелеу;
- дыбысталудың мінезін қалыптастыру үшін түрлі штрихтарды меңгеру;
- шығарманың вокалдық-хор ерекшеліктерін белгілейтін қалыпты қол қағысын пайдалану;
- қателерді есту, оларды талдай білу және болдырмау;
- жеке орындауымен еліту ;
